# Линдакалц

## ТАҒАМҒА БИОЛОГИЯЛЫҚ БЕЛСЕНДІ ҚОСПАНЫ ҚОЛДАНУ ЖӨНІНДЕГІ НҰСҚАУЛЫҚ

| Құрамы: | 1 капсула: | 3 капсула: |
|---|---|---|
| Кальций бисглицинаты (Albion™ амин қышқылының хелатынан) | 1076,80 мг | 3230 мг |
| кальций көзі | 280 мг (28%*) | 840 мг (84%*) |
| Холекальциферол – | 0,67 мг | 2,01 мг |
| D3 дәруменінің көзі | 0,00167 мг (33%*) | 0,005мг (100%*) |

***Қосымша заттар:*** микрокристалдық целлюлоза, май қышқылдарының магний тұздары, желатин (бұқаның терісінен), титан диоксиді. (Е171).
* ТР ТС 022/2011 Кедендік одақтың Техникалық регламенті «Азық-түлік өнімдері оларды таңбалау бөлімінде» 2-қосымша – ұсынылған тәуліктік тұтыну деңгейінен аспайды.

**ҚОЛДАНУ САЛАСЫ:**
**Линдакалц** - тағамға биологиялық белсенді қоспа, құрамында кальцийдің қазіргі кездегі аса сіңімді түрі Albical™ амин қышқылдық хелаты және D3 дәрумені бар – бұл екі маңызды заттек сүйек пен тістің күшті және сау құрылымын қолдау үшін ұсынылады.

Линдакалц құрамындағы кальций дәстүрлі кальциі бар қоспалармен салыстырғанда ағзаға бірнеше есе жақсы сіңеді және қолданылады (мысалы., кальций карбонаты). Бұл Albion Laboratories Institute әзірлеген бірегей минералды-хелатталған технологияны қолдану нәтижесінде мүмкін болды. Хлорлау процесінің арқасында кальцийдің биожетімділігі артады, басқа минералдармен немесе қабылданған дәрі-дәрмектермен жағымсыз реакциялар мен антагонизм қаупі төмендейді. D3 дәрумені кальцийдің биожетімділігін арттыруға көмектеседі.

***Кальций:***
- Сүйектің, қызыл иек пен тістің саулығын толығымен қолдау үшін өмірлік қажеттілігі бар;
- Ас қорыту ферменттерінің қалыпты қызметін қамтамасыз етеді;
- Қалыпты нейротасымалдауды қамтамасыз етеді;
- Бұлшық ет тіндерінің қызметінде қатысады (көбінесе, кальцийдің және оның тұздарының жеткіліксіздігі құрысумен көрініс береді);
- Метаболизмнің қалыпты деңгейін қолдауға көмектеседі;
- Қанның ұюы үрдісінде қатысады.

Кальцийдің жеткілікті мөлшерін тұтыну, әсіресе, етеккір тоқтау шағындағы әйелдер үшін маңызды, себебі, бұл кезде әйелдердің гормонының түзілуі төмендеп, сүйектің тығыздығы нашарлайды.

**D3 дәрумені:**
- Кальций мен фосфордың қалыпты және уақытылы сіңуіне көмектесіп, сіңу пайызын арттырады;
- Қандағы кальцийдің қажетті деңгейін қолдауға көмектеседі;
- Сүйек пен тістің саулығын қолдауға көмектеседі;
- Бұлшық еттің қалыпты қызметіне ықпал етеді;
- Иммундық жүйені қолдайды.

**ҚОЛДАНУ ТӘСІЛІ:**
Тәулігіне 1 капсуладан 3 рет тамақтану кезінде қабылдау ұсынылады.
3 жас және 5 жасқа аралығындағы балаларға капсуланың ішіндегісін суға араластырып, алынған суспензияны бірден ішкізіңіз.
Линдакалцты қабылдау ұзақтығы - 10-30 күн.

**1 КАПСУЛАНЫҢ ТАҒАМДЫҚ ҚҰНДЫЛЫҒЫ (г):**
Ақуыздар - 0,12 г; Майлар - 0 г; Көмірсулар - 0 г; Энергетикалық құндылығы - 2,1 кДж/0,5 ккал

**ҚАРСЫ КӨРСЕТІМДЕРІ:**
- ББҚ құрамбөліктерін жеке көтере алмау.
- 3 жасқа дейінгі балалар

**ЕРЕКШЕ НҰСҚАУЛАР:**
Тәуліктік мөлшерлемесінен асырмаңыз.
Тағамға биологиялық белсенді қоспа алуан түрлі және үйлесімді тамақтануды алмастыру үшін қолданылмайды.

**БОСАТЫЛУ ШАРТТАРЫ:**
Дәріхана желісі мен мамандандырылған дүкендер, сауда желісінің бөлімдері арқылы.

**САҚТАУ ШАРТТАРЫ:**
Жабық күйінде құрғақ және салқын жерде сақтау қажет.
Балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз!

**ШЫҒАРЫЛУ ТҮРІ ЖӘНЕ ҚАПТАМАСЫ:**
Қаптамасында 30 капсуладан, қазақ және орыс тілінде қолдану жөніндегі нұсқаулық қоса салынған.

**ЖАРАМДЫЛЫҚ МЕРЗІМІ:** 36 ай.
Қаптамасында көрсетілген жарамдылық мерзімі өткеннен кейін қолдануға болмайды.

Belinda

**МТК ұстаушысы:**
BELINDA LABORATORIES LLP.,
Лондон, Великобритания

**Қазақстан Республикасының аумағында тұтынушылардан өнімнің (тауардың) сапасына қатысты шағымдарды қабылдайтын ұйымның мекенжайы:**
«Cepheus Medical» ЖШС (Цефей Медикал)
ҚР, Алматы қ, Аль-Фараби даңғылы 7, ЖК «Нурлы Тау», блок 5А, офис 247
Тел: +7 (727) 978 69 71, E-mail: cepheusmedical@gmail.com

**Өндіруші:**
Olimp Laboratories Sp. z.o.o.
Пустыня 84F
39-200 Дембица, Польша

**МТК №: KZ.16.01.98.003.R.000054.01.24**